

**Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейі МКҚК
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері 2022 жылғы
қаңтардан 2023 жылғы тамызға дейінгі талдамалық анықтама**

Шымкент қ-сы

11.09.2023 ж

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Занына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығына сәйкес музей қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне анықтау мәніне талдау жүргізу үшін «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылғы 04 қаңтардағы № 6-ө бұйрығы қабылданды.

Талдау жүргізу кезеңі - 2023 жылғы 01-31 тамыз аралығында.

Талданатын кезең: 2022 жылдан 2023 жылғы тамызға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге басшылық ету, үйлестіру және жауапкершілікке, сонымен қатар комплаенс-офицер міндетін атқару кадр жөніндегі маман У.Асаеваға жүктелді.

Жұмыс тобының мүшелері:

Пердебаева Г-комплаенс-менеджер;
Әкәділ Ж -комплаенс-менеджер;
Беркінбаева Г-комплаенс-менеджер;
Байдалиева А-комплаенс-менеджер

«Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейі» МКҚК-ны 2001 жылы құрылған.

Мекеме директоры - Асқарова Мария Келесқызы

Түркістан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 13 тамызындағы №234 қаулысы бойынша музей Шымкент қаласының коммуналдық меншігіне «Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі» МКҚК болып берілді.

Мекеменің негізгі қызметі: тарихи-мәдени құндылықтарды жинақтау, сақтау, ғылыми-зерттеу және халыққа жеткізу. Саяси қуғын-сүргін құрбандары мен Алаш арыстарының, сондай-ақ ашаршылық құрбандарының деректерін жинақтап, құжаттарын толықтырып ұрпақтың тарихты тереңдеп білуіне жол нұсқап, ұлт жанашырларының еңбектері мен ерліктерін насихаттау болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау барысында МКҚК қызметінде мыналар анықталды:

«Нормативтік-құқықтық актілер» бағыты

Музей қызметкерлері басшылыққа алатын нормативтік- құқықтық актілер:

1) Қазақстан Республикасының 2015.11.23 N2414-V ҚРЗ Еңбек Кодексі;

- 2) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы;
- 3) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормалары
- 4) Музей қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі №209 «Мемлекеттік мәдениет ұйымдары басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына ҚР Мәдениет және спорт министрінің 25.01.2023 жылғы №19 бұйрығымен енгізілген өзгерістерге байланысты музейдің төмендегі бөлім басшыларының (менгерушілерінің), мамандарының лауазымдық нұсқаулықтарына ішкі талдау жүргізілді:

- 1.Музей басшысының орынбасары
2. Музейдің құрылымдық бөлімшесінің жетекшісі
3. Қор сақтаушысы
- 4.Экскурсия жетекшісі
- 5.Әдіскер
- 6.Музей қараушысы

Музей персоналымен жұмыс және ұйымдық даму жөніндегі қызметі жоғарыда көрсетілген нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі, әрбір қызметкердің функционалы және олардың өзара іс-қимыл тетіктері нақты бекітілген.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық не Сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілік қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында белгіленген.

Сондай-ақ, қызметкерлерге музей басшылығына сыбайлас жемқорлық көріністерінің барлық фактілері туралы хабарлау міндеті айқындалған.

Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда қызметкерлер осы құбылысты реттеу жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарды (стандарт, саясат, нұсқаулық т.б.) басшылыққа алады. Жоғарыда көрсетілген ІНҚ және лауазымдық нұсқаулықтармен қызметкерлер қол қойғызып таныстырылған.

Музей қызметін регламенттейтін нормативтік - құқықтық актілерді, аталған бөлімшеде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктерді, ережелер мен нормаларды талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №12 бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру мақсатында «бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» және «ұйымдастырушылық бөлімнің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыттары бойынша:

1)мекеменің есеп-қисап бөлімі және касса қызметіндегі кіріс- шығыс қозғалысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Тексерілетін кезеңде шарттар «Мемлекеттік сатып алу туралы»

Қазақстан Республикасының Заңына (шарттардың 100%) сәйкес конкурс өткізу, баға ұсыныстарын сұрату және т.б. жолымен ғана жасалған.

Музей тарапынан өткізілген бағалы ұсыныстарға сұраным нәтижесінде мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы 15.03.23 жылғы №9502256-ЗЦПІ хаттамасына сәйкес 60369090-ЗЦПІ лоты негізінде жеңімпаз танылған «ТЦМАК СЗКОЦР» ЖК-не веб-портал арқылы келісім-шарттың жобасы жіберілді.

Тапсырыс беруші мен әлеуетті өнім беруші арасында 2023 жылдың 16 наурыз күні № 12 санды нөмірімен келісім-шарт жасалды. Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен жарияланған «Автокөліктерді жөндеу жұмыстары» бойынша сатып алуға бөлінген жалпы қаржы көлемі 944000 (тоғыз жүз қырық төрт мың) теңге, әлеуетті өнім берушінің берген жалпы баға ұсынымы 576 000 (бес жүз жетпіс алты мың) теңге.

Келісім-шарт бойынша жұмысты орындау мерзімі шарт заңды күшіне енген күннен бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін және техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) Тапсырыс берушіден тапсырыс келіп түскен сәттен 3 күннің ішінде деп көрсетілген, алайда 2023 жылғы сәуір айына дейін әлеуетті өнім беруші келісім-шарт бойынша жұмысты орындаған жоқ. Әлеуетті өнім берушіге электронды веб-портал арқылы жұмысты орындауға тапсырыс берілгені туралы бірнеше рет ескертулер жіберілген.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-заң) 38-бабының 4-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын ұсынуы оның Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауар жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады. Яғни, жауапкердің шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындамауы шарт талаптарының және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидастарының бұзылуын растау болып табылады.

Әрі қарай, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда 8.3-тармаққа сәйкес тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті. Жұмыстарды орындау мерзімдері кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерді толық орындамаған жағдайда орындаушыдан шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) немесе Орындаушы міндеттемелерді ішінара орындамаған жағдайда орындаушыдан шарттың ішінара орындалмаған сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспауға тиіс.

11.04.2023 жылға арналған тұрақсыздық айыбының сомасы, яғни Тапсырыс берушіден Орындаушыға жұмыстарды орындауға тапсырыс

берілген күннен бастап 23 күнге 13 248 (он үш мың екі жүз қырық сегіз) теңге 00 тиын, келесі есептеуге сәйкес ($576\ 000\ \text{теңге} \times 0,1\% \times 23\ \text{күн} = 576\ \text{теңге} \times 23\ \text{күн} = 13\ 248\ \text{теңге}\ 00\ \text{тиын}$).

Жоғарыда аталғандардың негізінде, ҚР-ның «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 тармағының 3 тармақшасына, 3 тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші «ТІМАК ОҚОІР» ЖК мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тануды және жұмысты уақытылы орындамауына байланысты әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % (13248теңге) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы сотқа арыз-талап жазылды.

2023 жыл 16 маусым №5265-23-00-2/1197 Шымкент қаласы Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен Дара кәсіпкер «ТЦМАК ӨҚОЦР» басшысы Динара Рақымбекқызын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылып, «Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 13248 (он үш мың екі жүз қырық сегіз) теңге, тұрақсыздық айыппұл және мемлекеттік бажға төленген 398 (үш жүз тоқсан сегіз) теңге сот шығысы өндірілуі қажет.

Мекемеге бөлінген бюджет қаражатын жұмсау жөніндегі ақпараттың анықтығын қамтамасыз ету мақсатында жұмыстарды, тауарларды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу бойынша, заңға сәйкес жылдық жоспар бекітіліп, электрондық веб-порталда жарияланды. Осыған орай, барлық мемлекеттік сатып алулар, бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылды. Өткізілген мемлекеттік сатып алулардың барлық тәсілдері, сондай-ақ конкурстық құжаттамалар, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырулар, конкурсқа қатысуға өтінім ашу, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамалар Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ашық өткізілген.

Ай сайын техникалық ерекшеліктерді және сатып алу рәсімдерінің барысы мен қорытындылары туралы мәліметтерді талдау жолымен мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің жүзеге асырылуына мониторинг жүргізілуде, сайтта: мемлекеттік сатып алу бөлімінде ақпараттар орналастыруда.

Кассаға қатысты ішкі талдау 2022 жылғы қаңтар -мамыр айы аралығындағы кассалық кіріс-шығыс қозғалысын қамтыды және тексеру барысында төмендегі мәселелер анықталды:

- музейдің кассирі кіру билеттерін есеп-қисап бөлімінен накладной арқылы қабылдайды және менеджерлерге накладной арқылы беріп отырады. Сонымен қатар әр айда кассаның кіріс-шығыс қозғалысы туралы есеп тапсырып отырады.

-анықтау барысында қаңтар-мамыр айларындағы билеттер шығындары мен өткізілген қаржы 1123800 теңге бухгалтерлік есеппен кассирдің есебі

бойынша сәйкес келді.

Ішкі талдау барысында есеп-қисап бөліміне берілген ескертулер:

- Мемлекеттік сатып алу порталына конкурстық құжаттамаларды уақытылы салып тұру

- «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңға енгізілген өзгерістерді уақытылы қадағалап отыру.

2) музейдің «қор бөлімінде жәдігерлерді қабылдау, сақтау, ғылыми сараптама, мәдени ағарту жобаларын дайындау нормативтері мен ережелерді сақтау қозғалысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді және тексеру барысында төмендегі мәселелерді анықтады:

- 2019 жылдан 2022 жылға дейінгі жәдігерді қабылдау актісі жазылған, бірақ «Негізгі қор» кітабына енгізілмеген;

- қосымша «көмекші қор» кітабына құжаттар тіркелмеген;

- видеокассеталар мен кітаптарды тіркеу жұмысы тоқталып қалған.

Ішкі талдау барысында қор бөліміне берілген ескертулер:

- қор бөлімінде анықталған кемшіліктерді 2023 жылдың аяғына дейін жою туралы ескерту берілді.

- кітап қорын ретке келтіру, журналға уақытылы тіркеу туралы ескертілді.

3) «Персоналды басқару» бағыты.

Қызметкер жұмысқа жұмыспен қамту орталығына тапсырыс беру арқылы қабылданады. 2022 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша штат саны 25 бірлікті, нақты саны 22 бірлікті. 2023 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша 34 бірлікті; нақты саны 30 бірлікті құрды.

2022 жылы 7 (жеті) қызметкер жұмыстан шығарылды, 5 (бес) адам жұмысқа қабылданды.

2023 жылғы тамыз айына дейін 2 (екі) қызметкер жұмыстан шығарылды, 8 (сегіз) адам жұмысқа қабылданды.

2022-2023 жылдары тәртіптік жауапкершілікке тартылған және теріс себептермен жұмыстан шығарылғандар қызметкерлер жоқ.

2022-2023 жылдары еңбек даулары болған жоқ яғни еңбек даулары бойынша өтініштер түскен жоқ. Жақын туыстары, балалары, асырап алушылары, асырап алынған ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апасыңділері, аталары, әжелері, немерелері немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналасу кезінде қоғамда аффилиирлену фактілерінің болуын тексеру кезінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ

4) «Жеке және заңды тұлғалардың өтінішін қарау» бағыты.

Музейде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарламаларды қарастыру үшін мекемеде, «сенім телефоны» орналастырылған және келіп түскен телефон қоңырауларын есепке алу бойынша журнал ашылған Талданатын кезеңде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері түскен жоқ.

Музей лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрсекетсіздігіне) шағымдар түскен жоқ. Ішкі талдау кезеңінде музей қызметкерлері тарапына

сыбайлас жемқорлыққа қатысты қандай да бір құқық бұзушылықтар орын алған жоқ.

«Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі» МКҚК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар жоспарғасәйкес жүргізілуде. МКҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау қорытындысы бойынша ұсынылды;


1.Музей қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету;

2.Музей кадрлардың ауысуына жол бермеу бойынша шаралар қабылдау;

3.Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген бюджеттік етінімдердің есебі жүргізілсін

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында жұмыс тобы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау өткізу кестесін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жөніндегі жұмысты жалғастыруы қажет.


Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс офицер:

 Асаева У

комплаенс менеджер, танысты

 Г.Пердебаева

комплаенс менеджер, танысты

 Ж.Ақәділ

комплаенс менеджер, танысты

 Г.Беркінбаева

комплаенс менеджер, танысты

 А.Байдалиева

Директор:





Асқарова М